



Халықаралық қатынастар

ТОҚАЕВ пен ТРАМП не туралы сөйлесті?

Президент Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қойды

22 қаңтарда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың шақыруымен Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қою рәсіміне қатысу үшін Швейцарияның Давос қаласына жұмыс сапарымен барды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Давостағы Конгресс орталығында АҚШ Президенті Дональд Трамптың бастамасымен құрылған Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қойды.

Қол қою рәсіміне Қазақстан Президентінен басқа 18 елдің басшылары мен өкілдері қатысты.

Еске сала кетсек, Дональд Трамп Газа бойынша Бейбітшілік кеңесі құрылатынын бытыр желтоқсанда мәлімдеген болатын. Жақында Ақ үй басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Газа бойынша Бейбітшілік кеңесінің құрамына кіруге ресми шақырғаны, ал Қазақстанға құрылтайшы мемлекеттердің бірі болуды ұсынғаны белгілі болған еді.

Мемлекет басшысы Давоста бірқатар кездесу өткізді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Давоста Армения Президенті Ваагн Хачатурянмен, Премьер-министр Никол Пашинянмен, Индонезия Президенті Прабово Субантомен, Жаһандық өзгерістер институтының атқарушы төрағасы Тони Блэрмен, АҚШ Сауда министрі Говард Латрикпен және ФИФА президенті Джанни Инфантиномен аз-кем әңгімелесті.

Трампа табыс тіледі

Бірқатар БАҚ өкілдері Давоста өткен Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қою рәсімінде Қазақстан мен АҚШ президенттері арасындағы қысқаша әңгіменің мазмұнына қатысты сауал жолдады. Бұл сұраққа Президенттің көмекшісі-Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай: «Қасым-Жомарт Тоқаев Давос форумында таратылған

«Президент Дональд Трамптың 365 күн ішіндегі 365 жеңісі» деп аталатын ресми құжаттың 177-тармағында Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылғаны жетістік ретінде көрсетілгеніне назар аударды. Бұдан бөлек, Президент Америка көшбасшысына ақыл-парасатқа негізделген ішкі саясатты жүзеге асыруда табыс тіледі», – деп жауап берді. Оның айтуынша, Дональд Трамп Бейбітшілік кеңесін құру туралы бастамасына қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғысын білдірген.

Қазақстан Бейбітшілік кеңесіне кіру үшін жарна төлеген жоқ

Қазақстан Давостағы Дүниежүзілік экономикалық форумда Бейбітшілік кеңесіне кірді және Кеңеске кіру үшін жарна төлеген жоқ. «Бейбітшілік кеңесіне кіру үшін тек мемлекеттің тәуелсіз шешімі қажет. Кірген сәттен бастап мемлекеттің кеңесте болу мерзімі үш жылды құрайды. Жарғыда айтылған 1 миллиард АҚШ доллары көлеміндегі ерікті жарна мүшеліктің шарты емес. Бұл әрбір қатысушының

құқығы», – деп атап өтті Ақорданың баспасөз қызметі.

Ақпаратқа сүйенсек, егер 1 миллиард доллар жарна бірінші жыл ішінде төленсе, мемлекет өзінің кеңестегі қызметін белгіленген үш жылдық мерзімнен тыс ұзартуға мүмкіндік алады.

«Қазақстан Бейбітшілік кеңесіне қандай да бір қаржылық жарна енгізбестен кірді, бұл жарғының ережелеріне толық сәйкес келеді», – деп атап өтті Ақордада.

Aq jol-Aqparat

Үкіметте Қоғам көтерген мәселелерді жедел қарау керек

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ПРЕЗИДЕНТ ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫН ТІКЕЛЕЙ ӨЗ БАҚЫЛАУЫНА АЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Үкіметтің кезекті отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың V Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінің қорытындысы бойынша тиісті ведомство басшыларына бірқатар тапсырма берді. Онда жаңа Салық кодексінің нормаларын жетілдіру, жасанды интеллекттің енгізу және цифрландыру, энергетика мен мұнай-газ, көлік пен логистика, сауда, су ресурстары саласын, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік, мәдениет, білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамыту сияқты басым бағыттарға назар аударылды. Бұл туралы Үкіметтің ресми сайтында жарияланды.

– Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы болып табылатын бастамаларын жария етті. Парламент пен қоғамдық институттардың ролін күшейту туралы ұсыныстар саяси жүйемен қатар, азаматтарымыздың мәдениетіне де демократиялық қағидаттарды біржолата орнықтыру процесі жүріп жатқанын білдіреді. Қазақстанның заманауи сыни-тегеректерге қарсы тұруына кепілдік беретін аса маңызды идеологиялық тұжырымдар айқындалды. Бұлар – қоғамды ұялдетіру, отаншылдық, әділдік және «Заң мен тәртіп» қағидаттарына деген мызғымас ұстаным. Ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналған «Таза Қазақстан» да негізгі құндылықтардың қатарында тұр. Өз сөзінде Президент еліміздің одан әрі экономикалық дамуына қатысты негізгі міндеттерді алға қойды», – деп атап өтті Премьер-министр.

Бұл ретте Мемлекет басшысы әрбір жауапты лауазымды тұлға батыл әрі тосын инновациялық шешімдер қабылдау қажеттігі туралы қатаң талаптар қойып отыр. Осы қойылған міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

Салық кодексі бойынша ұсыныстар жинақталып, мұқият талланады

Үкімет отырысында Премьер-министр Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларын, оның ішінде жаңа Салық кодексін жетілдіру жөніндегі тапсырмаларды жүзеге асырудың түйенді шарттарын айтты. Жаңа Салық кодексі өзгермейтін қағидалардың жиынтығы ретінде қабылданбауы керек, бұл туралы Президент ерекше атап өтті.

Осыған байланысты Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалин «жұртшылық пен бизнес тарапынан келіп түскен ұсыныстарды жинақтап, мұқият талдау жүргізу тапсырылды.

– «Атамекен» ұлттық палатасының өкілдерін, экономистер мен сарапшыларды тарта отырып, жүйелі әрі үйлесімді жұмыс істеу керек.

Өңірлерді де осы жұмысқа белсенді тарту қажет. Қоғамның көтеріп отырған мәселелерін жедел қарау керек. Нәтижесі бойынша нақты ұсыныстар енгізіңіз», – деді Олжас Бектенов.

Цифрландыру бағытында науқаншылыққа жол жоқ

Цифрландыру саласында цифрландыруды жедел дамыту мен жасанды интеллекттің енгізуіне баса назар аударылады, елімізді жаһандық цифрлық экономиканың эволюциясына кіріктіру міндеті қойылып отыр. Цифрландыру және жасанды интеллект министрлігіне мүдделі цифрландырудың үздік тәжірибелерін енгізу арқылы мемлекеттік функцияларды цифрландыруды қарастыру, сондай-ақ оңтайландыруды қарастыру, сондай-ақ сенімді әрі қауіпсіз IT-инфрақұрылым құру тапсырылды. Екібастұлда деректерді өңдеу орталықтарының алқабын құру жобасын шұғыл түрде жүзеге асыру өз алдына бөлек атап өтілді.

Премьер-министр жалпы алғанда цифрландыру бағытында науқаншылыққа, көзбояушылыққа жол бермеуді, а: мемлекеттік органдардан нақты іс-әрекет пен нәтиже керектігін ерекше тапсырды.

Мәселенің мән-жайы

Жаттығуға келіп, ауруханаға түскен спортшылардың жағдайы қалай?

спортшылардың жағдайы қалай?

Меркі ауданындағы «Тұран» демалыс аймағына жаттығу жасауға келген қызылордалық спортшылар ауруханаға түскені туралы ақпарат елді елең еткізді. Екі-үш күн бұрын орын алған жағдайға алаңдаған жұртшылық жас спортшылардың тамақтан уланғанын естіп, нақты ақпаратты білуге асықты. Әрине, басқа өңірге дайындық үшін балаларын жіберген ата-аналар да мұндайда сары уайымға түсері анық. Ал анығында не жағдай болды?

Қамар ҚАРАСАЕВА

Облыс әкімдігі таратқан мәлімет бойынша 21 қаңтар күні сағат 22.40 шамасында Меркі аудандық көпбейінді орталық ауруханасына «Тұран» демалыс аймағынан 12–17 жас аралығындағы 22 кәмелетке толмаған жасөспірім жеткізілген. Олар Қызылорда облысынан Меркіге күрес түрінен оқу-жаттығу жиынына келіпті. Ал 22 баланың біреуі аяқ жаракаты бойынша жүгінген екен. Қазір олардың жағдайы қандай? Біз бұл туралы облыстық СЭБ департаментінің басшысымен сөйлескен едік.

– Алдын ала диагноз – этиологиясы анықталмаған гастроэнтерит. Аурудың себептерін анықтау мақсатында науқастардан және тағам өнімдерінен зертханалық сараптамалар алынған, қазіргі таңда қорытындысы күтілуде. Аталған жағдай бойынша облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тиісті тексеру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сонымен қатар бұл факт 2026



жылғы 21 қаңтарда Меркі аудандық полиция бөлімінде тіркеліп, құзырлы органның тексеру қорытындысы негізінде тиісті процестік шешім қабылданатын болады.

Балалар медициналық бақылауға алынған, тиісті органдар тарапынан барлық қажетті шаралар қабылдануда.

Аталған демалыс орнында барлығы 103 жас спортшы мен 13 жаттықтырушы қоныстанған. Ауруханаға жүгінген науқастардың жағдайы жеңіл дәрежеде, денсаулықтары қалыпты, дәрігерлердің тұрақты бақылауында. Демалыс орнындағы басқа балаларға медициналық тексеру жүргізілді, ауру белгілері анықталған жоқ,

профилактикалық шаралар жалғасуда, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Байділда Шыналиев.

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің тапсырмасына сәйкес осы жағдай орын алған жерге облыс әкімінің орынбасарлары Айжан Есмағамбетова мен Серік Сәлемов барып, жедел штаб отырысын өткізіпті.

Ауруханаға жүгінген 22 баланың 21-і емдік шараларды қабылдап, медициналық бақылауға алынып, ауруханадан шығарылған. Ал, аяқ жаракатымен түскен 1 жасөспірім аудандық аурухананың хирургиялық бөліміне жатқызылған.